



Елбасының мұрасы ел тағдырының көрінісі

Тақырыбындағы президент кітаптарының көрмесі





Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев





Қазақстан Республикасының Президенті НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВ

1940 жылғы 6 шілдеде Алматы облысы Қаскелең ауданы Шамалған ауылында дүниеге келген.

*1967 жылы Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнын бітірді.
Экономика ғылымдарының докторы.*

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Халықаралық инженерлік академияның, Ресей Федерациясы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің құрметті профессоры. Беларус ғылым академиясының құрметті мүшесі. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.

1960 – 1969 жылдары - Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді.

1969 – 1973 жылдары – Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды.

1973 – 1977 жылдары - Қарметкомбинаттың партком хатшысы.

1977 – 1979 жылдары - Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, 2-хатшысы.

1979 – 1984 жылдары - Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы. 1984 – 1989 жылдары – Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы.

1989 – 1991 жылдары – Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы, 1990 жылғы ақпан-сәуір аралығында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің төрағасы болды.



1990 жылдың сәуірінен – Қазақстан Республикасының Президенті.

1991 жылдың 1 желтоқсанында тұңғыш рет Қазақстан Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен (98,7%) жеңіске жетті.

1995 жылдың 29 сәуірінде жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттігі 2000 жылға дейін ұзартылды.

1999 жылдың 10 қаңтарында өткен жалпыхалықтық сайлаудың нәтижесінде Н. Назарбаев 79,78% дауыс алып, Қазақстан Республикасы Президенті болып қайта сайланды.

2005 жылдың 4 желтоқсанында сайлаушылардың 91,5 процент дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.

2010 жылғы 14 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің -Елбасының қызметін қамтамасыз ету саласында заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 298-IV Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы күшіне енді.

2011 жылдың 3 сәуірінде сайлаушылардың 95,5 пайыз дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы.

Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төралқасының Төрағасы.



Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызда – тәуелсіздіктің көк туы. Елтаңбамызда – бар халықтың басын біріктіретін киелі шаңырағымыз. Арманымызды алға апарар қанатты пырақтарымыз бар! Лайым бетімізден жарылқасын! Үлкен жолдың үстінде бізді ата-бабаларымыздың аруағы желеп-жебеп жүрсін!



*Нұрсұлтан Назарбаев
Қазақстан Республикасының Президенті*



Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын Қазақстан Республикасының Президенті ұсынып, оны халық 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылдады.



Республикалық референдум қорытындыларының ресми түрде жариялануы Конституцияның 1995 жылғы 5 қыркүйектен бастап күшіне енуіне байланысты.





«Желтоқсан 86» жинағының «Ұлт теңдігі көтерілісі» деп аталатыны бірінші кітабында желтоқсан көтерілісіне қатысты мерзімді басылымдарда жарияланған деректер мен дәйектер, көтерілістің Республика аймақтарында шарпығандығын айғақтайтын деректер және көтеріліске қатысты Зиялылардың айтқан сөздерімен сараптамалары беріліп отыр.

18-19 ғасырлардың қасіретті де қастерлі шежіресінен бейхабар болмас үшін, әсіресе жас буын, жаңа ұрпақты тарихи тұрғыдан тәрбиелеу мақсатында алаш тақырыбына басқаша қырынан қарап, жиган-тергенімізді оқырман назарына ұсынуды жөн деп таптық.





*Еліңнің ұлы болсаң, еліңе
жаның ашыса, азаматтық
намысың болса, қазақтың
ұлттық жалғыз мемлекетінің
нығайып көркеюі жолында жан
теріңді сығып жүріп еңбек ет.
Жердің де, елдің де иесі өзің
екенін ұмытпа!*


*Егер біз мемлекет болып
тұрғымыз келсе, өзіміздің
мемлекеттігімізді ұзақ
уақытқа меңзеп құрғымыз
келсе, онда халықтың
руханиятының бастауларын
түсінгеніміз жөн*


Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев



***Қазақстан
Республикасының Тұңғыш
Президенті Нұрсұлтан
Әбішұлы Назарбаевтың
әлемдік бейбітшілікке
бағытталған жаһандық
сипаттағы қызметтері жан-
жақты сарапталған бұл
жинақта Еуразия
кеңістігіндегі 9 мемлекеттің
заялы қауым өкілдерінің
мақалаларымен
топтастырылған.***





Кітапта Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың фотосуреттері жинақталып оқырман алдында Елбасы ретінде ғана емес, өз елінің отан сүйгіш патриоты ретінде көрсетілген. Бұл кітапта Елбасының Отанына, жеріне, еліне, мекеніне, ұлттық дәстүріне, ұлттық тәрбиесіне, халқына деген сүйіспеншілігін жеткізетін дәйексөздері жазылған.



Кеңес Одағы (СССР) кезеңінде Қазақстан Республикасы ядролық қару жөнінен төртінші орында болатын. Елбасының көрегенділігінен, өз халқына деген сүйіспеншілігінен Қазақстан Республикасын ядролық қарусыз ел атандырды.

Қазақтың өзіндік ұлттық қасиеттерінің қалыптасуына қамқорлық жасау – менің Президенттік те, перзенттік те парызым.



*Президент Нұрсұлтан Назарбаев ЕҚЫК отырысында.
Хельсинки, 1992 ж. 8-10 шілде.*

*Отырысқа қатысу шеңберінде Қазақстан Президенті
1975 жылғы ЕҚЫК Хельсинки Қорытынды актісіне қол
қойды*





*Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев
ЕҚЫҰ Саммитінің ашылуы кезінде*

Астана, 1 желтоқсан 2010 ж.









*2010 жыл Қазақстан Республикасы үшін өте маңызды жыл болды.
Жылдың 365 күні жас мемлекетімізді әлемге әйгілі етті. 11 жыл
өткізілмеген ЕҚЫҰ ел басшыларына Астана саммиті әлем еліндегі
жаңа дәуірдегі Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық
ұйымының тарихындағы жаңа дәуірдің бастамасы болды.*








**Нұрсұлтан Назарбаевтың
Еуразиялық жобасы**



**Евразийский проект
Нурсултана Назарбаева**









Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетіміздің нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр



Қасымбеков М. Елін сүйген, елі сүйген Елбасы [Мәтін] / М.
Қасымбеков. Астана: Елорда, 2005. - 200 бет+2 б.т. жапсырма




Жекелеген сұхбаттар мен очерктерден тұратын бұл кітапта Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың елімізді басқаруда атқарған ұланғайыр істері, саясаткер, адам және азамат ретіндегі кейбір қырлары сөз болады.

Әлімқұлов Қ., Қасымбеков М. “Нұрсұлтан деп ат қойдым...”
[Мәтін] / Қ. Әлімқұлов, М. Қасымбеков. - Алматы: Өнер, 1997. - 272 бет.



*Кітапқа Қазақстан
Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы
Назарбаевтың құрметіне
балаларының атын Елбасының
есімімен атаған азаматтардың
жүрекжарды лебіздері мен ой-
пікірлері
арқау болған.*

Бекниязов Т. Тұңғыш Президент: өлеңдер мен поэма [Мәтін] /
Т. Бекниязов. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 262 бет.



Т. Бекниязовтың бұл жинағында өлеңдері мен поэмасы берілген. Ақынның тәуелсіз еліміз туралы ой-толғамдары мен Елбасыға арналған көлемді туындысында замана және ұлтымыздың жарқын болашағына деген зор сеніммен жыр тербелген.

Жастарымыз салт-дәстүрімізді көздің қарашығындай бағып жүретін, көптің көкейіне үміт отын жағып жүретін, адамзаттың озық ой көгінде ағып жүретіндей болуы тиіс.
Нұрсұлтан Назарбаев



Дінде сене отырып, өз салтымыз бен зұрпымызды сақтауымыз керек

Нұрсұлтан Назарбаев





Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызда – Тәуелсіздіктің көк Туы, Елтаңбамызда – бар халықтың басын біріктіретін киелі шаңырағымыз, арманымызды алға апарар қанатты пырақтарымыз бар. Блайым, бетімізден жарылқасын! Үлкен жолдың үстінде бізді ата-бабаларымыздың аруағы желеп-жебеп жүре берсін!

*Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы
Назарбаев*



1465-1466 ж. -Қазан Қандық. күрөс
 1466-1480 ж. -Жәнібек хан билігі
 1480-1511 ж. -Бұршықтың хан билігі
 1511-1523 ж. -Қасым хан билігі
 1523-1532 ж. -Тайыр хан билігі
 1538-1580 ж. -Қамағазар хан билігі
 1580-1582 ж. -Шығай хан билігі
 1588-1598 ж. -Тәуел хан билігі
 1598-1628 ж. -Ісге хан билігі
 1635-1652 ж. -Жәңгір хан билігі
 1680-1718 ж. -Тәуке хан билігі
 1635 ж. -Жоңғар хан құрылтуы.
 1758 ж. -Жоңғарияны талқандауы

Әлем басшылары және Елбасы

